

Шығармашылық және зияткерлік дағдыларды дамыту
Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет: Сурет салу
Тақырыбы: «Анама арналған моншақтар»

Тәрбиеші: Сүндетова Жадыра
«Балдәурен» ортаңғы тобы
Өтілетін күні: 10.02.2022ж

2022ЖЫЛ



Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Сурет салу

Тақырыбы: «Анама арналған моншақтар»

Өткізілетін күні: 10.02.2022жыл

Мақсаты: Балалардың қалауы бойынша материалдарды ,бейнелеу техникасын (саусақпен,губкамен,көпіршікпен)

таңдауға мүмкіндік беру.Бір заттың немесе түрлі заттың суретін салуды қайталай отырып,тұтас

қағаз бетіне орналастыру.Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға,ұқыптылыққа үйрету.

Міндеті: Қарапайым заттарды құбылыстарды , пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, қол мен көздің үйлесімін дамыту.

Кіріктірілген іс-әрекет:Сөйлеуді дамыту, құрастыру

Әдіс-тәсілдер:Ойын технологиясы,денсаулық технологиясы,сұрақ-жауап.

Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті моншақтар, әр балаға қағаздар, қызыл, көк бояулар, қол сұрткіштер, су.

Шаттық шеңбері:

Қуанамын менде,

Қуанасың сенде,

Қуанамыз бәріміз

Арайлап атқан күнге!

-Жарайсындар балалар, енді орнымызға отырайық.

-Балалар қарандаршы тақтадан не көріп тұрсындар?

Бұл ақпаратта жасырынған суреттер бар екен.

Оны көру үшін балалар ,біз қазір бетіне бояу жағамыз. Сол кезде шешімін та

Дидактикалық ойын: « Сикырлы суреттер»

-Ой, балалар мынау ненің суреті.?

- Балалар моншақтың

-Дұрыс айтасыңдар, бұл моншақтар екен. Моншақтарды балалар әшекей бұйымдарға жатқызамыз.

Балалар мында қараңыздаршы менің қолымда нелер бар?

-Балалар моншақтар

-Дұрыс айтасыңдар, бұл моншақтар.

-Бұл әшекей бұйымды аналарымыз, әжелеріміз тателеріміз тағады.

Ендеше балалар алдымызда 8-наурыз Аналар мейрамы келе жатыр. Біз аналарымызға арнап моншақтар салсақ, қалай қарайсыңдар?

-Жаксы, балалар. Анамызға арналған моншақтарды салу үшін балалар біз «түрлі-түсті шар»әдісі бойынша топқа бөлініп алайық.

1-ші топ. Саусақпен сурет салады.

Максат-міндеттері: Саусақпен бояуда оны бряуга акырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне ағызып жіберіп, бояуды келесі тсін қолдану үшін саусақты баска түске салмас бұрын жақсылап саусақты сүртіп, жұмсақ матаға сүртіп қолдануды үйрету.

2-топ. Губкамен моншақтарды салады.

Максат-міндеттері: Губкамен сурет салу кезінде әр түске аналған губкалар жиынтығын ұқыпты қолдануды үйрету, дәтүрден тыс техникасына қызығушылық танытады.

3-топ. Көпіршік үстіне сурет салу.

Максат –міндеттері: Балалар алдын ала дайындалған көпіршік үстіне моншақтарды салады.

Көпіршікпен жұмыс жасау кезінде ұқыптылықты танытып, қауіпсіздік ережесін сақтайды.

Дидактикалық ойын: «Макарон моншақтар»

Ойын шарты: Әр балаға макарон өнімдерінен тізбектелген моншақтар суреттері беріледі. Суреттегідейтетіп, әртүрлі түсте боялған түрлі макарон өнімдерінен жасалған моншақтарды жіпке тізбектейді.

Сергіту сәті.

Балалар музыка әуенімен билейді.

Қимылды ойын: "Жіпті шардың түсіне қарай ірікте" дидактикалық ойыны.

Мақсат-міндеттер: балалардың түстерді ажырата отырып, көру қабілетінің артуы және көз қарашығының демалу жаттығуларын жасатуға арналған ортаңғы топтар түстерді бекітуге пайдаланылады.

Күтілетін нәтиже:

Тұтас қағаз бетіне бейнелерді дұрыс орналастыра алады.

Сурет салуда ұқыптылық танытады.

Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады

Шеңберлері: Ақыл